

*С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ
АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ*



*КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.
АСФЕНДИЯРОВА*

*ҚР қаржы кредит жүйесі.
Несиелер: жіктелуі,
тағайындалуы, қолдану аясы.*

*Орындаған: Аманхожа А
Тексерген: ФА 13-002-01
Тексерген: Елшібекова Қ.М*

Жоспар

- ҚР қаржы-несие жүйесі

Қаржы несие жүйесі құрылымы

Қаржы несие жүйесі аясы

Қаржы несие жүйесіндегі органдар

- Несие

Жіктелуі

Түрлері

Ссудалық пайыз

- *Қаржы жүйесі деп, мемлекеттің ақшалай қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыру барысында пайда болатын және әрқайсысы белгілі бір қаржылық құқықтық институттардың материалдық көрінісі (қорлары) болып табылатын қаржылық - экономикалық институттардың жиынтығын айтамыз.*

*Мемлекеттің қаржы жүйесінің негізгі
функциялары:*

- реттеу функциясы;*
- жоспарлау функциясы;*
- ұйымдастыру функциясы;*
- ынталандыру функциясы;*
 - бақылау функциясы.*

Мемлекеттің қаржы жүйесінің аясы:

- мемлекеттік қаржылар (бюджеттік жүйе, бюджеттен тыс мақсатты қорлар);*
- мемлекеттік сақтандыру қорларының қаржылары;*
- мемлекеттік банктердің қаржылары;*
- мемлекеттік ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің қаржылар;*
- корпоративті қаржылар (жеке қаржылар);*
- коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар мен кәсіпорындардың қаржылары;*
- сақтандыру ұйымдарының қаржылары;*
- банктердің қаржылары;*
- мемлекеттік емес арнайы қорлардың қаржылары;*
- тұрғылықты халықтың қаржылары (үй шаруашылықтарының ақша қатынастары).*

- Қаржылық қызметті уәкілетті (орталық) және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының жүйесі атқарады.
- Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасында қаржылық қызметті жүзеге асыратын уәкілетті органдардың жүйесі:

- 1. мемлекеттің **өкілді** органдары;
 - а. Қазақстан Республикасының Парламенті - заң шығарушы функцияны жүзеге асырушы жоғарғы өкілді орган;
 - б. сәйкес әкімшілік аумақтық бірліктердің маслихаттары жергілікті өкілді органдар;
- 2. Мемлекеттің **атқарушы** органдары:
 - а. жалпы құзыретті орталық атқарушы орган - Қазақстан Республикасының Үкіметі;
 - б. орталық салалық және функционалдық органдар - ҚР министрліктері және ведомстволары;
 - в. жалпы құзыретті жергілікті атқарушы органдар әкімдер;

- 3. Мемлекеттің мамандандырылған қаржылық органдары:
 - а. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;
 - б. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті;
 - в. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Салық комитеті;
 - г. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің қаржылық бақылау комитеті;
 - д. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;
 - е. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті;
 - ж. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі және т.б.

Несие — бұл пайыз төлеу және қайтару шартында уақытша пайдалануға (қарызға) берілетін ссудалық капитал ҚОЗҒАЛЫСЫ.

- Зерттеу заты сияқты, несие құрылымы бір-бірімен өзара байланысты элементтерден тұрады
- Субъектісіне:
- **Қарыз беруші** — қарызды беретін несиелік қатынастың бір жағы. Қарыз беруші — бұл уақытша пайдалануға қарыз беруші субъектілер болып табылады. Қарыз берушілерге: банктер, банктік емес мекемелер, мемлекет, шарушылық субъектілері және халық жатады.
- **Қарыз алушы** — бұл несиені алушы және оны қайтаруға міндетті, несиелік қатынастың екінші жағы, қарыз алушы — бұл қосымша қаражатқа деген сұранысы бар тұлға.
- несиенің құрылымының объекті де жатады. Беру объектісі - бұл **құнның ерекше бірлігі**, яғни қарызға берілген құнды білдіреді.

Несие экономикалық категория ретінде төмендегідей қызметтерді атқарады:

- қайта бөлу;*
- айналыс шығындарын үнемдеу;*
- айналыстағы нақты ақшалардың орнын уақытша алмастыру;*
- капиталдың шоғырлануын жеделдету;*
- ғылыми-техникалық прогресті жеделдету.*

- Несиенің екі нысаны бар: *тауарлы және ақшалай*. Мұндағы тауар түрінде берілетін несиені — *коммерциялық*, ал ақша түріндегі несиені — *банктік* деп атайды.
- Қалған несиенің түрлері осы екі нысанының тәжірибеде қолдануынан туады.

- *Коммерциялық несие* — бұл қарыз берушінің қарыз алушыға қарызға берген тауарын білдіреді
- *Басты мақсаты* — тауарлардың өту үдерісін жеделдету, сондай-ақ одан пайда табу.
- *айналыс құралы ретінде, қарыз алушының көрсетілген соманы уақытында төлейтіндігін куәландыратын арнайы қарыздық міндеттеме - вексель қолданылады.*

Коммерциялық несиенің банктік несиеден айырмашылғы төмендегідей:

- қарыз беруші рөлінде банктік мекемелер емес, яғни тауар немесе қызметгі сатумен айналысатын кез келген заңды тұлға бола алады;*
- коммерциялық несие тек қана тауар нысанында беріледі;*
- қарыз капиталы өнеркәсіптік немесе сауда капиталымен байланысты;*
- коммерциялық несиенің орташа құны сол кезеңдегі банктік пайыз мөлшерімен салыстырғанда төмен болады;*
- қарыз беруші мен қарыз алушы арасындағы несиелік мәміленің заңи түрде рәсімделуі барысында, бұл несие үшін төленетін ақы тауар бағасының құнына қосылады.*

- *Банктік несие* — бұл банктік мекемелерден қарыз алушыларға ақшалай түрде берілетін несиені білдіреді.
- *Банктік несие* — бұл экономикадағы кеңінен тараған несиелік қатынастардын, нысаны болып табылады.
- *Банктік несие бойынша несиелік қатынастың құралына несиелік шарт немесе несиелік келісім жатады.*
- *Банктік несиеде несие беруші: банк және арнайы қаржы мекемелері болса, ал қарыз алушылар ретінде: кәсіпкерлікпен немесе бизнеспен шұғылданатын қаржы ресурстарына деген сұранысы бар кез келген заңды ұйым болып табылады.*
- *Мұндағы қарыз берушінің басты мақсаты — бұл пайыз түрінде табыс алу.*

Несие түрлері

I. Қарыз алушылар категорияларына қарай:

1. *Қаржылық институттарға берілетін несиелер:*

- ❖ максатты қорларға;
- ❖ банктерге;
- ❖ қаржы-несиелік мекемелеріне.

2. *Қаржылық емес агенттерге берілетін несиелер:*

- ❖ өнеркәсіп салаларына;
- ❖ ауыл шаруашылығына;
- ❖ саудаға;
- ❖ дайындау ұйымдарына;
- ❖ жабдықтау-сату ұйымдарына;
- ❖ кооперативтерге;
- ❖ жеке кәсіпкерлерге.

3. *Тұтыну мақсатына берілетін несиелер.*

II. Мерзіміне қарай:

- қысқа мерзімді (1 жылға дейін);*
- орта мерзімді (1 жылдан 3 —5 жылға дейін);*
- ұзақ мерзімді (5 жылдан жоғары).*

III. Тағайындалуы және пайдалану сипатына қарай:

- негізгі қорларға жұмсалатын;*
- айналым қаражатына жұмсалатын.*

- IV. Қамтамасыз ету дәрежесіне қарай:

1. *Қамтамасыз етілген:*

- кепіл-хатпен;
- кепілдемемен;
- кепілдікпен.

2. *Сақтандырылған.*

3. *Қамтамасыз етілмеген:*

сенім (бланктік)несиесі.

V. Қайтарылу дәрежесіне қарай:

- 1. *Стандартты несие* — қайтарылу уақыты жетпеген, бірақ қайтуында ешқандай күмән жоқ несиелер;
- 2. *Күмәнді несиелер* — қайтарылу уақыты кешіктірілген, мерзімі ұзартылған және банк үшін тәуекел туғызатын несиелер.
- 3. *Үмітсіз несиелер* — қайтару уақыты кешіктірілген, мерзімі еткен ссудалар шотына жазылған несиелер.

VI. Валютамен берілуіне қарай:

- ұлттық валютамен;
- шетел валютасында.

- VII. Берілу шартына қарай:
- *Тұтыну несиесі* — бұл жеке тұлғаларға тұтыну тауарларын сатып алу үшін және тұрмыстық қызметтерді өтеуге берілетін несиесі.
- *Ипотекалық несиесі* — бұл қозғалмайтын мүліктерді (тұрғын үйді, өндіріс ғимараттарын, жерді және т.с.с.) кепілге ала отырып, ұзақ мерзімге берілетін несиесі.
- *Овернайт несиесі* — өтімділікті қолдау мақсатында бір түнге берілетін банкаралық несиенің түрі.
- *Онкольдық несиесі* — кредитордың алғашқы талабы бойынша өтелетін қысқа мерзімді несиесі.
- *Банкаралық несиесі* — банктердің бір-біріне беретін несиесі.
- *Овердрафт* (ағылш. *overdraft* — жоспардан жоғары) — клиенттің ағымдық шотындағы қаражат қалдығынан төлейтін төлемдер сомасы жоғары болған жағдайда банктің беретін қысқа мерзімді несиесінің ерекше нысаны.

- *Маусымдық несие* — жабдықтаушының қаржыландыру уақыты мен түсімді алу мерзімі арасындағы уақыт бойынша алшақтықты жабуға арналған несие.
- *Лизингтік несие*—банк клиенттерінің құрал-жабдықтарды және техниканы жалға алумен байланысты берілетін несие.
- *Сенім несиесі* — банктің сеніміне кірген, төлем қабілеті жоғары корпоративтік клиенттерге берілетін несие. Мұндай несиелер қамтамасыз етусіз беріледі.
- *Консорциалдық несие* — ірі жобаларды несиелеу мақсатында банктердің өзара қосылып беретін несиелері. Мұндай несиелер негізінен ірі жобаларды несиелеуде бір банктің несиелеу шегінен асқан жағдайда қолданылуы мүмкін.

- *Инвестициялық несиелер* — жаңа өндіріс орнын ашуға, өндірісті қайта құруға және кенейтуге арналған ұзақ мерзімді несие.
- *Инновациялық несие*— банк клиенттерінің өндіріске озық технологияларды немесе науқанды игеруімен байланысты берілетін ұзақ мерзімді несие.
- *Рамбурстық несие*— шикізаттарды ішке алып кіру және жартылай фабрикат және дайын өнімдерді сыртқа шығару тәжірибесінде пайдаланылатын несие.
- *Контокорренттік несие* — клиенттің барлық түсімдері мен төлемдері есепке алынатын банктегі бірыңғай ағымдық (контокорренттік) шоты бар, өзінің тұрақты клиенттеріне банктің беретін несиесі.

- *Ломбардтық несие* — тауарлы-материалдық құндылықтар мен мүліктік құқықтарды, бағалы металдарды, бағалы қағаздарды және т.б. кепілге ала отырып, қысқа мерзімге несие берушінің қатаң тіркелген сомада беретін несиесі.
- *Форфейтингтік несие*—сыртқы сауда операцияларында қолданылатын коммерциялық вексельді сатып алу жолымен экспортерлерді немесе сатушыларды қысқа мерзімді (180 күнгедейінгі) несиелеу нысаны.
- *Факторингтік несие*—жабдықтаушының, немесе банк клиентінің жабдықтаған тауары мен көрсеткен қызметгері үшін төленбеген төлем талабын (шот-фактурасын) банкке сатумен байланысты несиелік операция.
- *Экспорттық несие* — экспорты қолдау құралы ретінде өнімді сатуды қаржыландыру мақсатында сатып алушыға немесе оның банкіне берген несие. Фирмалық экспорттық несие экспортер тарапынан беріледі де банктен қаржыландырмайды. Банктік экспорттық несие банктен шетелдік сатып алушыларға тікелей беріледі.
- *Несиелік желі* — келісілген лимит шегіндегі белгілі бір уақыт ішіндегі қарыз алушығы несие беріп отыруға несиелік мекеменің оған берген заңды түрде рәсімделген міндеттемесі.

- ✓ VIII. Несиелеу объектісіне қарай:
- ✓ меншікті айналым қаражаттарын толықтыруға;
- ✓ материалдық запастар жиынтығы мен өндіріс шығындарына;
- ✓ сыртқы экономикалық қызметке байланысты тауарларды экспорттау мен импорттауға;
- ✓ азаматтардың жеке қызметтері үшін шикізаттар, материалдар, құралдар және басқа да мүліктер алуына;
- ✓ ломбардтық, кепілдік және ссудалық операцияларға;
- ✓ театрлар және демалыс үйлерінің кірістері мен шығыстары арасындағы маусымдық үзілістерге;
- ✓ күрделі жұмсалымдарды қаржыландыруға;
- ✓ тез өтелетін тиімділігі жоғары шараларға.

- **Ссудалық пайыз**
- Ссудалық пайыз тауар өндірісі мен несиелік қатынастардың даму жағдайында пайда болады. Ссудалық пайыз — уақытша пайдалануға берілген құнның бағасын білдіреді.
- Ссудалық пайыз:
 - несиені пайдаланғаны үшін төлем;
 - несиеге есептелетін үстеме ақы;
 - несие берушінің, шығыстарының орнын толтыру тәсілі.

- Ссудалық пайыз банк пайдасының көзі болып табылады. Сондықтанда банктер пайыз сомасын толық және уақтылы алғанды қалайды. Ссудалық пайыз есебінен банктер депозиттерге пайыз төлейді. Несиеден алатын ссудалық пайыз бен депозитке төлейтін пайыздың арасындағы айырма банктің пайдасын білдіреді.
- Ссудалық пайыз екі қызмет атқарады:
- Бөлу қызметі жаңадан құрылған құнды не пайданы бөлуді сипаттайды.
- Ссудалық капиталды өсіру қызметі банктің несие беруші ретіндегі несиелік әлеуетін арттыруды көздейді.

Ссудалық пайыздың мынадай түрлері болады:

- Базалық мөлшерлеме — мұндай пайызбен несиені банктер өздерінің сенімді қарыз алушыларына, не бірінші класты клиенттерге береді.
- Инфляция қарқынын шегеріп тастау арқылы есептелетін нақты мөлшерлеме;
- Несиелік шарттың мерзімі ішінде өзгермейтін тұрақты пайыз мөлшерлемесі;
- Экономиканың жағдайына байланысты өзгеріп отыратын өзгермелі пайыз мөлшерлемесі;

Пайызды есептеу тәсіліне қарай ссудалық пайыздың мынадай түрлері қолданылады:

- жай пайыз мөлшерлемесі — несиенің мерзімі ішінде бір капитал сомасына есептелетін пайызды есептеу әдісі;
- күрделі пайыз мөлшерлемесі — әрбір есептік мерзімді алдағы мерзімнің капиталына есептелетін пайыздық төлем.

Пайдаланылған әдебиттер

- <http://pps.kainar-edu.kz>
- <https://kk.wikipedia.org>